

"Ағылшын тілі" кафедрасының базасында **"Future Leaders League"** атты студенттік ғылыми қоғам жұмыс істейді, бұл "Болашақ көшбасшылар лигасы" деп аударылады. Аталмыш клубтың атауы оның мақсаты мен міндеттерін толық көрсетеді, сондай-ақ студенттердің болашақта өз салаларында көшбасшы болуға деген ниеті мен шабытын бейнелейді. Клуб **үш негізгі бағытта жұмыс істейді**: ғылыми, кино клуб (Movie Club) және сөйлесу клубы (Conversation Club).

Үйірме жетекшісі: г.ғ.м., аға оқытушысы Оналбай Б.Т.

Қатысқандар саны: 60 оқушы

Үйірме отырысы: айына бір рет

**Мақсаты** – студенттердің білімін, әлеуетін және таланттарын жан-жақты дамыту. Бұл мақсатқа жету үшін клуб студенттердің ғылыми, тілдік және шығармашылық қабілеттерін дамытуды, ағылшын тілін меңгеруді күнделікті өмірде, кәсіби және академиялық салада қолдануға бейімдеуді, сондай-ақ көшбасшылық және ұйымдастырушылық қабілеттерін қалыптастыруды көздейді.

#### **Міндеттері:**

- Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысуын қамтамасыз ету және оларды ғылыми жобаларға дайындау.
- Пәндік олимпиадалар мен халықаралық конкурстарға сапалы дайындық жүргізу.
- Coursera платформасында студенттерге қажетті курстарды таңдау мен оқуға қолдау көрсету.
- Ағылшын тілін дәстүрлі емес әдістер арқылы оқыту (кино көрсетілімдер, пікірталастар, ойындар және шығармашылық жобалар).
- Ағылшын тілді ортаға толыққанды бейімдеу үшін арнайы іс-шаралар ұйымдастыру.
- Тілдік дағдыларды дамытуға бағытталған тренингтер мен іс-шараларды өткізу.
- Шешендік өнерді дамыту арқылы студенттердің өз ойларын еркін және сенімді жеткізуге үйрету.
- Студенттердің көшбасшылық және ұйымдастырушылық қабілеттерін қалыптастыруға мүмкіндік беру.
- Халықаралық білім беру және мәдени алмасу бағдарламаларына қатысуды ынталандыру.

#### **Үйірме жұмысының бағыттары:**

- Ғылыми бағыт: Студенттердің ғылыми зерттеулермен айналысуы, мақалалар жазуы, ғылыми жобалар мен олимпиадаларға қатысуы.
- Кино клуб (Movie Club): Ағылшын тілінде фильмдер көру, талқылау, викториналар ұйымдастыру және шығармашылық шаралар өткізу.
- Сөйлесу клубы (Conversation Club): Студенттердің ауызекі сөйлеу дағдыларын дамыту және ағылшын тілінде еркін қарым-қатынас жасауға үйрету.

### Күтілетін нәтиже:

- Студенттердің ғылыми жобаларда жетістіктерге жетуі және мақалаларының жариялануы.
- Халықаралық олимпиадалар мен конкурстарда жүлделі орындарға ие болуы.
- Ағылшын тілін еркін меңгеруі және тәжірибеде қолдана алуы.
- Көшбасшылық және ұйымдастырушылық қабілеттерінің дамуы.
- Халықаралық деңгейдегі сертификаттарға ие болуы.
- Ағылшын тіліндегі мәдениет пен шығармашылықты тереңірек түсінуі.
- Ауызекі сөйлеу және шешендік шеберліктерінің артуы.

"Future Leaders League" клубы студенттердің болашағына инвестиция жасай отырып, олардың өз салаларында жоғары деңгейдегі маман және халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті тұлға болуына ықпал етеді.

Жас ғалымдардың «FUTURE LEADERS LEAGUE» атты ғылыми үйірмесі әр ай сайын жоспар бойынша өтіледі. Үйірме жетекшісі Г.Г.М., Аналбай Б.Т. үйірме жоспарына сай, ай сайын, іс-шарамызды өткіздік. Бірінші іс-шарамызда 1-2 курс студенттерін жинап, студенттермен ай сайын өткізетін іс-шарамыздың жоспарын талқылап бекіттік, және Эрметова Мадина және Сарсенбаева Айдана ФИ-24-9к1 тобының студенттері үйірмеге жауапты етіп сайладық. Студенттерге ғылыми жұмыс, проект жасау қағидаларын түсіндіру жұмыстарын жүргіздік.

2024 жылдың 26 қыркүйек күні Movie club ашылып, өзінің тұңғыш фильмін ағылшын тілінде сағат 15:00 бас ғимаратысында 1 және 2 курс студенттеріне көрсетті. Студенттер Spider Man 2: No way home фильмін көріп тамашалады. Іс-шара барысында студенттер фильмді қарап, сол тақырып бойынша викторина ойнады. Іс-шара мақсаты: ағылшын тілі мәдениеті мен ағылшын тілімен танысу.



Қазан айының 8 жұлдызында ФИ-24-9к1, ФИ-24-9к2, ФИ-24-9к3 1-ші курс студенттерімен “Professions of the future” атты Conversation club өткіздік. Conversation club барысында студенттермен таңдаған мамандықтарын

маңыздылығын, сұранысқа ие мамандық екендігін талқылап, студенттердің ойын тыңдап әңгіме жұмыстарын жүргіздік. Бұл іс-шара студенттердің өз ойын толық айтуға және таңдаған мамандықтарының сұранысқа ие мамандық екендігін түсініп бір бірімен сөз таласып өз ойларын толық білдіртіп отырды. Осы шараға сыртқы сарапшы ретінде Назарбаев Интеллектуалді мектебінің ағылшын тілі мұғалімі Javans Ochieng қатысты. Одан басқа, студенттермен интеллектуалды тақырыптық викторина орын алды. Қорытындыла келе студенттер мамандық таңдағанда адаспау керек екендігін түсінді.



2024 жылдың қыркүйек пен қазан арасында 1 курс ФИ-24-9к1, ФИ-24-9к2, ФИ-24-9к3 топтарының студенттері Корифей атты пәндік олимпиадасына қатысып ағылшын тілінен 1, 2, 3 орындарға ие болып, сертификат пен мадақтау грамоталарын алды.



2024 жылдың, 31 ші қазанында ФИ-24-9к1, ФИ-24-9к2, ФИ-24-9к3 1 -ші курс студенттерімен “Нарру Halloween” атты Movie club өткіздік. Студенттер іс-шараға өте белсене қатысты және сахнаға шығып түрлі қойылымдарын көрсетті, өлең айтып, би биледі. Бұл іс-шараның мақсаты тілді оқып жатқан елдің

мәдениетін үйрену, студенттердің ағылшын тілінде сөйлеу қабілетін дамыту және ұжымда жұмыс жасау мақсатында жоспарланды. Іс-шара барысында «Чарли және шоколад фабрикасы» атты фильмі ағылшын тілінде көрсетілді. Екінші кезеңде ойын ойнатылды және би кеші орын алды.



2024 жылдың 11 желтоқсанда ФИ-23-9к1, ФИ-23-9к2, ФИ-23-9к3 топ студенттері Арысбаева Э.П. басшылығымен «Cultural Connection Concert» “Thanksgiving Day” күніне орай іс-шара өткізілді. Іс-шара бас ғимараттың конференция залында ұйымдастырылды. Студенттер өте белсенді болып ат салысты. Іс-шара екі тілде (қазақ, ағылшын) тілдерінде жүргізілді. Іс-шараға кафедра оқытушылары, студенттері қатысты. Студенттер алғыс айтып, би бийлеп, өлең айтып және сұрақ жауап түрінде викторина өткізіп, келген қонақтарға керемет көңіл күй сыйлады.



2024 жылдың 18 желтоқсанда «2024 жылдың үздік студенті» деген халықаралық сайысқа Эрметова Мадина және Дүйсенбай Ұлбосын 1 курс ФИ-24-9к1 және ФИ-24-9к2 топтарының студенттері қатысып, ғылыми мақалары бойынша

жүлделі марапатқа ие болды. Марапаттау рәсімі Астана қаласында Астана конференц залында өтті.



2024 жылдың 25 желтоқсанда Байдибек би 25/1 “Hill” студенттер жатақханасында «Christmas party» Movie club іс-шарасы өтті. Іс-шара барысында студенттер би билеп, өлең айтып, ағылшын тілінде «Home alone 2: Lost in New York» атты фильмін көрді. Іс-шара мақсаты: студенттерді ағылшын тілі мәдениетімен таныстыру әрі ағылшын тілін үйрету.

